

**SC-S80600 Series**  
**SC-S80600L Series**  
**SC-S60600 Series**  
**SC-S60600L Series**  
**SC-S40600 Series**

# **Оператор нұсқаулығы**

---

**Авторлық құқықтар мен сауда белгілері**

---

***Авторлық құқықтар мен сауда белгілері***

Осы жарияланымның ешбір бөлігін Seiko Epson корпорациясының алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз көбейтуге, ақпаратты алу жүйесінде сақтауға немесе қандай да бір пішінде немесе қандай да бір жолмен, электронды, механикалық, фотокошірме ретінде, жазуға немесе басқаша таратуға болмайды. Осы құжаттағы ақпарат тек осы Epson принтерімен пайдалануға арналған. Epson компаниясы басқа принтерлерге осы ақпаратты қатысты пайдалануға жауапты емес.

Seiko Epson Corporation компаниясы немесе оның филиалдары Seiko Epson Corporation компаниясымен техникалық қызмет көрсетілмеуі және нұсқаулары мұқият орындалмауы барысында (АҚШ елінен басқасы) жазатайым оқиға, өнімді қате немесе теріс пайдалану, рұқсат етілмеген өзгерістер, жөндеулер нәтижесінде сатып алушы немесе үшінші тараптың кесірінен пайда болған зақым, залал келтірілген өнімдер немесе шығындар үшін жауап бермейді.

Seiko Epson корпорациясы және оның еншілес кәсіпорындары қандай да бір опцияларды немесе Seiko Epson корпорациясы тарапынан түпнұсқадағы Epson өнімдері немесе Epson тарапынан құпталған өнімдер ретінде анықталған өнімдерден басқа тұтынушылық өнімдерді пайдаланудан болған зақымдарға немесе ақауларға жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы Epson компаниясымен бекітілген өнімдер деп тағайындалмаған кез келген басқа қосылым кабельдерін пайдалану барысындағы электромагниттік әсер етудің нәтижесінде пайда болған кез келген зақым келтірілген өнім үшін жауап бермейді.

EPSON және EPSON EXCEED YOUR VISION немесе EXCEED YOUR VISION және олардың логотиптері тіркелген сауда белгілері немесе Seiko Epson корпорациясының сауда белгілері болып табылады.

Microsoft®, Windows®, and Windows Vista® are registered trademarks of Microsoft Corporation.

Mac, macOS are registered trademarks of Apple Inc.

Intel® is a registered trademark of Intel Corporation.

Bemcot™ is a trademark of Asahi Kasei Corporation.

YouTube® and the YouTube logo are registered trademarks or trademarks of YouTube, LLC.

*Жалпы ескертпе: осы құжатта пайдаланылған басқа өнім атаулары тек анықтауға арналған және өздерінің сәйкес иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson компаниясы сол таңбалардағы қандай да бір және барлық құқықтардан бас тартады.*

© 2019 Seiko Epson Corporation. All rights reserved.

**Мазмұны****Мазмұны****Авторлық құқықтар мен сауда белгілері****Нұсқаулықтар бойынша ескертпелер**

Таңбалардың мағынасы. . . . .	5
Суреттер. . . . .	5
Бейне нұсқаулар. . . . .	5

**Бөлшектердің атаулары**

Алдыңғы бөлік. . . . .	7
Сия блогы (SC-S80600L Series/SC-S60600L Series). . . . .	8
Ішкі бөлігі. . . . .	9
Артқа. . . . .	10

**Негізгі амалдар**

Қағаз салуға қатысты ескертпелер. . . . .	11
Қағаз салуға қатысты ескертпелер. . . . .	11
Тасымалдағышты салу. . . . .	12
Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) пайдалану. . . . .	18
Шиыршық өзегін бекіту. . . . .	19
Басылған Жақ Бетін Сыртқа қаратып созу. . . . .	21
Басылған Жақ Бетін Ішке қаратып созу. . . . .	22
Салынған қағаз параметрлері. . . . .	22
Тарту шиыршығын алып тастау. . . . .	24
Қалған тасымалдағыш көлемін басып шығару. . . . .	24
Тасымалдағышты кесу. . . . .	25
Қағазды шығару. . . . .	26

**Қызмет көрсету**

Түрлі техникалық күтім жасау операцияларын орындайтын кезде. . . . .	28
Тазалау орындары және тазалау уақыты. . . . .	28
Тұтынылатын бөлшектердің орындары және ауыстыру уақыты. . . . .	29
Басқа қызметтер. . . . .	30
Қажетті нәрселер. . . . .	31

Қызметке байланысты сақтық шаралары. . . . .	31
Күнделікті тазалау. . . . .	32
Жүйелі түрде тазалау. . . . .	33
Ink Cleaner (Сия тазалағыш) пайдалану. . . . .	34
Басып шығару механизмін жылжыту. . . . .	34
Басып шығару механизмінің айналасын тазалау. . . . .	35
Қақпақтардың айналасын тазалау. . . . .	36
Тазалауды аяқтау. . . . .	39
Тексеру парағын тазалау. . . . .	40
Сия картридждерін ауыстыру мен шайқау (SC-S80600 Series/SC-S60600 Series/SC-S40600 Series). . . . .	41
Шайқау. . . . .	41
Ауыстыру процедурасы. . . . .	41
Сия беру блоктарын шайқау және ауыстыру (SC-S80600L Series/SC-S60600L Series). . . . .	43
Шайқау. . . . .	43
Ауыстыру процедурасы. . . . .	44
Қолданылған сияны тастау. . . . .	46
Дайындау және ауыстыру уақыты. . . . .	46
Жұмсалған сияны есептеуіш. . . . .	47
Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шшшасы) ауыстыру. . . . .	47
Қосалқы бөлшектерді ауыстыру. . . . .	48
Дайындау және ауыстыру уақыты. . . . .	48
Ауыстыру процедурасы. . . . .	49
Қолданылған шығындарды жою. . . . .	51
Жою. . . . .	51
Қолдануды ауыстыру тексеру парағы. . . . .	53
Ұзақ уақытты сақтау (Алдын ала сақтау қызметі). . . . .	54
Алдын ала сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету уақытын жоспарлау. . . . .	54
Сақтаудан алдыңғы қызмет көрсетуді орындау. . . . .	55
Принтердің қолданысын қайта бастау. . . . .	55

**Қызмет көрсету элементтері туралы ақпарат**

Сия картридждері. . . . .	56
Сия беру блогы. . . . .	60

## Мазмұны

Қызмет көрсету элементтері. . . . . 63

### ***Сия тамшылары мен бітелген саңылаулар***


Басып шығару механизмін тазалау. . . . . 65


Auto Head Maintenance. . . . . 66


## Нұсқаулықтар бойынша ескертпелер

# Нұсқаулықтар бойынша ескертпелер


## Таңбалардың мағынасы

 <b>Ескерту:</b>	Қауіпті дене жарақатының алдын алу үшін ескертулер орындалуы керек.
---	---

 <b>Абай болыңыз:</b>	Қауіпті дене жарақатын болдырмау үшін қауіпсіздік шараларын орындау қажет.
--	--

 <b>Маңызды:</b>	Бұл өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін маңызды мәліметтер орындалуы керек.
---	--

<b>Ескертпе:</b>	Ескертпелер осы өнім жұмыс істеуі туралы пайдалы немесе қосымша ақпаратты қамтиды.
------------------	--

	Тиісті анықтамалық мазмұнды көрсетеді.
---	--

## Суреттер


Егер басқаша көрсетілмесе, бұл нұсқаулықтағы суреттер SC-S40600 Series өніміне арналған.

Суреттер сіз пайдаланатын модельден аздап өзгеше болуы мүмкін. Нұсқаулықты пайдаланғанда осыны ескеріңіз.

## Бейне нұсқаулар

Бұл бейне нұсқаулықтар YouTube қызметіне жүктелді және қағазды жүктеу мен техникалық қызмет көрсетуді орындау әдістерін көрсетеді.

Бейне нұсқауларды көру үшін *Онлайн нұсқаулық* бөлімінің басты бетіндегі [Epson Video Manuals] түймесін басыңыз немесе төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Онлайн нұсқаулықтарды ашу  *Жалпы ақпарат* (PDF)

Смартфоннан немесе планшет құрылғысынан келесі QR кодтарын пайдаланыңыз.



- 1 YouTube (<https://youtube.com>) қызметіне кіру.
- 2 Экранның жоғарғы жағындағы іздеу тақтасына "Epson Video Manuals (LFP)" параметрін енгізіңіз.
- 3 Іздеу нәтижелерінде [Epson Video Manuals (LFP)] басыңыз.
- 4 Пайдаланылатын модельге арналған тізімнен көргіңіз келген бейнені таңдаңыз.

## Нұсқаулықтар бойынша ескертпелер

Егер сіз бейне көріп отырғанда титрлар шықпаса, төмендегі суретте көрсетілген тирлар белгісіне басыңыз.




## Бөлшектердің атаулары

# Бөлшектердің атаулары

## Алдыңғы бөлік

Сурет SC-S60600 Series көрсетеді.




- |   |                                   |                        |
|---|-----------------------------------|------------------------|
| ① Қызмет көрсету қақпағы (сол жақ)        | ⑧ Сия картридждері*2              | ⑮ Қағаз жүктеу тұтқасы |
| ② Қосымша басып шығаруды кептіру жүйесі*1 | ⑨ Құлыптау тұтқасы*2              | ⑯ Ескерту шамы         |
| ③ Кейінгі қыздырғыш                       | ⑩ Картриджді тексеру шамы*2       | ⑰ Басқару тақтасы      |
| ④ Кергі                                   | ⑪ Айнымалы ток кірістері #1/#2    | ⑱ Ауа сүзгілері        |
| ⑤ Шиыршық өзегі ұстағыштары сол/оң        | ⑫ LAN порты                       | ⑲ Алдыңғы қақпақ       |
| ⑥ Шиыршық тіректері (x2)                  | ⑬ USB порты                       |                        |
| ⑦ Қолданылған сия шишасы                  | ⑭ Қызмет көрсету қақпағы (оң жақ) |                        |

## Бөлшектердің атаулары

- \*1 SC-S60600 Series/SC-S60600L Series өніміндегі стандартты жабдық. SC-S40600 Series/SC-S80600 Series/SC-S80600L Series өніміндегі қосалқы жабдық.
- \*2 SC-S40600 Series оң жағында блок бар. SC-S80600L Series/SC-S60600L Series өнімінде қолжетімді емес.

## Сия блогы (SC-S80600L Series/SC-S60600L Series)




- |                                       |                    |                                   |
|---------------------------------------|--------------------|-----------------------------------|
| ① Сия блогы                           | ④ ЖШД шамы         | ⑦ Сия түтігі                      |
| ② Бекіту сымы                         | ⑤ Науа             | ⑧ Сия түтігінің коннекторы        |
| ③ Аударылып кетуді болдырмайтын тақта | ⑥ Құлыптау қосқышы | ⑨ Коннектор құлпының иінтіректері |



## Бөлшектердің атаулары

# Ішкі бөлігі

Сурет SC-S60600 Series көрсетеді.




- |                             |               |               |
|-----------------------------|---------------|---------------|
| ❶ Қағаз шеті тақталары (x2) | ❷ Кескіш науа | ❸ Қақпақтар*1 |
| ❹ Білікше қыздырғышы        | ❺ Құю тақтасы |               |
| ❻ Қысым шиыршықтары         | ❼ Тазалағыш   |               |

\*1 SC-S40600 Series үшін тек оң жақта.

## Бөлшектердің атаулары

### Артқа



❶ Алдын ала қыздырғыш

❷ Жетек ажыратқыш

❸ Шиыршық ұстағыштары  
сол/оң

❹ Көтеру тұтқасы (x2)

❺ Шиыршық тіректері (x2)

❻ Тұтқа

## Негізгі амалдар


## Негізгі амалдар

### Қағаз салуға қатысты ескертпелер

Қағазды дайындау кезінде келесі жайттар ескерілмесе, шаң мен қылшықтар қағаз бетіне тұрып қалып, басып шығару нәтижесінде сия тамшыларының пайда болуына себеп болады.


#### Ластанған қағазды тікелей еденге қоймаңыз.

Қағазды сақтау үшін оны қайта орап өзінің бастапқы қорабына салыңыз.



#### Қағазды киімге тигізіп басып ұстамаңыз.

Принтерге қағазды салғанға дейін оны өзінің жеке қорабында ұстаңыз.



### Қағаз салуға қатысты ескертпелер

#### ⚠ Абай болыңыз:


- ❑ *Қыздырғыштар мен қағаз шеті тақтасы ыстық болуы мүмкін, барлық қажетті сақтық шараларын орындаңыз. Қажетті сақтандыруларды қадағаламау күйіп қалуға әкелуі мүмкін.*
- ❑ *Қағаз ауыр болғандықтан, оны бір адам көтермеуі керек.*
- ❑ *Алдыңғы жабынды ашу не жабу кезінде қолыңызды қысып алмаңыз. Бұл сақтық шарасын орындамау жарақат алуға әкелуі мүмкін.*
- ❑ *Қолыңызды тасымалдағыштың шетінен қайыруға болмайды. Тасымалдағыш шеттері өткір болады және жарақаттауы мүмкін.*

#### Қағазды басып шығару алдында ғана салыңыз.

Қысқыш роликтер принтердегі қағазды майыстыруы мүмкін. Қағаз майысып не ширатылып, кептелуге не қағадың басып шығару механизміне тиюіне әкелуі мүмкін.

#### Қағаздың оң және сол жақ шеттері тегіс болмаса, оны салмаңыз.

Егер тасушы жүктеліп және шиыршықтың оң мен сол жақ қырлары біркелкі болмаса, тасушыны толтыру мәселелері басып шығару барысында тасушыны айналдыруға себеп болады. Немесе бұрыштарды реттеу үшін қайта орап немесе ешқандай басылымсыз бұrandаны қолданыңыз.





## Негізгі амалдар

# Тасымалдағышты салу


Процедураны бейнеде YouTube желісінде тексере аласыз.

 "Бейне нұсқаулар" бетте 5


- 1  түймесін басып, экранда **Load media.** көрінгенше күтіңіз.




- 2 Алдыңғы қақпақты ашып, қағаз жүктеу тұтқасын көтеріңіз.



- 3 Қағаз шеті тақтасының екі жағындағы ілмектерді ұстап тұрып, тақтаны білікшенің екі шетіне қарай жылжытыңыз.




- 4




### **Маңызды:**

*Егер оң жақ ұстағыш көрінбей тұрса, тұтқаны тоқтағанша алға айналдырыңыз. Қысқыш тұтқасы көрінбей тұрса, қағаз дұрыс салынбауы мүмкін.*




## Негізгі амалдар


- 5** Шиыршық ұстағышын салынатын қағаз орамының өлшеміне сәйкестеп орнатылған орынға жылжытыңыз.



- 6** Бұруданы тоқтағанша толық бұраңыз.




**7**




**Ескертпе:**

Қағаз орамын орнату әдісі қағаздың қалай оралғандығына байланысты өзгереді.


**Printable Side Out**



**Printable Side In**




**8**



**9**

Қағаздың шиыршық өзегін шиыршық ұстағышына қатты басып салыңыз.




## Негізгі амалдар

**Ескертпе:**


Егер қағаз орамының сыртқы диаметрі 140 мм-ден аз болса, көтеру тұтқасын пайдаланып көтергенде, шиыршық өзегі ұстағышқа жетпейді.

Оны қолмен көтеріп, шиыршық өзегін шиыршық ұстағышқа салыңыз.

10



11




**Ескертпе:**

Егер қағаз орамының сыртқы диаметрі 140 мм-ден аз болса, көтеру тұтқасын пайдаланып көтергенде, шиыршық өзегі ұстағышқа жетпейді.

Оны қолмен көтеріп, шиыршық өзегін шиыршық ұстағышқа салыңыз.

12

Шиыршық ұстағышының шиыршық өзегіне толық салынғанын қамтамасыз ету үшін оны екі рет басыңыз.




**Маңызды:**

Егер шиыршық ұстағышы шиыршық өзегіне жеткілікті енгізілмесе, шиыршық ұстағышы мен шиыршық өзегі арасындағы жылжу себебінен басып шығару кезінде қағаз дұрыс берілмейді.

Бұл басып шығару кезінде жолақтың пайда болуына себеп болады.

## Негізгі амалдар


- 13** Бұранданы тоқтағанша толық бұраңыз.



**! Маңызды:**

- ❑ Егер шиыршық ұстағышының бұрандасы босаса, шиыршық ұстағышы басып шығару кезінде жылжуы мүмкін. Бұл басып шығару кезінде жолақтардың пайда болуына және тегіс еместікке әкеледі.
- ❑ Шиыршықтың оң және сол жақ шеттері тураланбаса, оларды қайта туралаңыз.

- 14** А бөлшегі төмендегі суретте көрсетілгендей толығымен енгізілгенше тұтқаны айналдырыңыз.




**! Маңызды:**

А бөлігі жасырылғаннан кейін, тұтқаны одан әрі бұрамаңыз. Бұл сақтық шарасы орындалмаса, шиыршық ұстағышы зақымдалуы мүмкін.


Егер А бөлігі тұтқа толығымен бұралса да көрініп тұратын болса, тұтқаны қайта бұраңыз. Оң жақтағы шиыршық ұстағышының бұрандасын босатып, 4-қадамнан қайта бастаңыз.

- 15** Қағазды саңылауға шамамен 30 см салып, қағаз салу білігін төмен түсіріңіз.



## Негізгі амалдар


- 16** Басып шығару материалының сол жақ жиегі төмендегі суретте көрсетілгендей жапсырма тіктөртбұрышының ауқымында екенін тексеріңіз.




**Ескертпе:**

Егер басып шығару материалының сол жақ жиегі жапсырманың қара түсті төртбұрышында болмаса, ролик ұстағышының орнын реттеу үшін 5–16 аралығындағы қадамдарды орындаңыз. Ролик ұстағыштары баспа материалына енгізіліп тұрғанда олардың орнын ауыстыруға тырыспаңыз.


- 17**



- 18** Қағаздың ортасын бір қолмен ұстап тұрып, кейінгі қыздырғыштағы белгінің төменгі шетіне тураланғанша тура тартыңыз.




Қағазды екі қолмен тартпаңыз. Бұл қағаздың қисаюына немесе қозғалуына алып келуі мүмкін.






## Негізгі амалдар

19



20

Қағаздың екі шетін аздап түртіңіз және сол және оң жақтағы керілісте айырмашылықтың бар-жоқтығын тексеріңіз.



Егер керілісте айырмашылық болса, қағаз босап кетеді.



Принтердің алдыңғы жағынан, қағаз салу тұтқасын көтеріңіз және қағаздың бостығын жойыңыз.

Қағаздың бостығы жойылғаннан кейін, қағаз салу тұтқасын түсіріңіз.

21

Қағаз шеті тақталарының екі жағындағы ілмектерді ұстап, тақтаны қағаздың шетіне жылжытыңыз.

Қағаздың шеттері қағаз шеті тақталарындағы дөңгелек саңылаулардың ортасымен сәйкес келетін етіп реттеңіз.




## Негізгі амалдар

**! Маңызды:**

- ❑ 0,4 мм немесе одан да көп қалың қағазбен қағаз шеті тақталарын пайдаланбаңыз. Қағаз шеті тақталары басып шығару механизмiне тиiп, оны зақымдауы мүмкiн.
- ❑ Әрқашан қағаздың шеттерi дөңгелек саңылаулардың ортасында болатындай етiп орналастырыңыз. Дұрыс орналастырмау салдарынан басып шығару кезiнде жолақтар пайда болады (көлденең жолақтың пайда болуы, түстiң бiркелкi болмауы немесе сызықтар).
- ❑ Пайдаланылмаған кезде қағаз шетi тақталарын бiлiкшенiң сол және оң жақтарына жылжытыңыз.
- ❑ Басып шығарылатын қағаз беттерi ластанған немесе жыртылған болса, қағаз шетi тақталарын пайдалануға болмайды.

22




## Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) пайдалану


Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) қағазды басылған кезде автоматты түрде қабылдайды. Бұл пилотты емес амалдың нәтижесін арттырады.

Бұл принтердің Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) қағазды келесі бағыттарда қабылдай алады.

Басып шығарылатын  
беті сыртқа



Басып шығарылатын  
беті ішке



Басылған бетін сыртқа қаратып тарту басып шығарылған бетті роликтің сыртына қарай орналастырады.

Басылған бетін ішке қаратып тарту басып шығарылған бетті роликтің ішіне қарай орналастырады.

Процедураны бейнеде YouTube желісінде тексере аласыз.

[👉 "Бейне нұсқаулар" бетте 5](#)

**! Абай болыңыз:**

- ❑ Қағазды немесе шиыршық өзектерін жүктеу кезінде немесе қағаз қабылдау шиыршығын алып тастау кезінде нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз. Қағазды, шиыршық өзектерін немесе тарту шиыршықтарын құлату жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- ❑ Жұмыс істеп тұрған кезде, қолыңыз немесе шашыңыз Media Feeding Unit (Тасымалдағыш салу құрылғысы) немесе Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) қысылып қалмауына назар аударыңыз. Бұл сақтық шарасын орындамау жарақат алуға әкелуі мүмкін.

## Негізгі амалдар


## Шиыршық өзегін бекіту

### Дайындау

**Тасымалдағыш енінен ұзынырақ шиыршықты өзегін пайдаланған жөн.** Бұл тасымалдағышты өзектен шығармай тартуға мүмкіндік береді.

**Берілген қағаз таспасын дайындаңыз.** Қағазды шиыршық өзегіне бекітудің бұл әдісін келесі артықшылықтарына байланысты ұсынамыз.


- ❑ Ол шиыршықтың сол және оң жақ шеттерде ауытқуын және қағаздың жылжып кетуін болдырмауға мүмкіндік береді және бұл басып шығару тапсырмалары үшін тұрақты басып шығару ұзындығын қамтамасыз етеді.
- ❑ Қағаз босқа шығын болмайды.
- ❑ Орағаннан кейін қағазды шиыршық өзегінен оңай шығаруға болады.



Берілген қағаз таспасы бітсе, сатылымда бар ені 20–25 мм қағаз таспасын (жеңіл созылмайтын немесе қиылмайтын) сатып алыңыз. Егер сізде ешқандай қағаз таспасы болмаса, онда қағазды ені 20–25 мм, ал ұзындығы 70 см болатын бөлшектерге кесіңіз.

## Салу


- 1 Қағаздың алдыңғы шеті кейінгі қыздырғыштың ортасына жеткенше ▼ түймесін басып тұрыңыз.



### **!** Маңызды:


*Қағазды беру үшін әрқашан ▼ түймесін басыңыз. Егер тасушы қолмен тартылса, онда тасушы созу кезінде майысып қалуы мүмкін.*

2




## Негізгі амалдар


- 3** Шиыршық өзегі ұстағышын қағаздың оң жақ шетімен туралап, бұrandаны бұрап бекітіңіз.



- 4** Шиыршық өзегін оң жақ ұстағышқа енгізіңіз.



- 5** Ұстағышты суретте көрсетілгендей А бөлігі толығымен орнатылғанша басып, бұrandаны бұраңыз.





### **!** Маңызды:

*А бөлшегі бұдан әрі көрінбейтін кезде тоқтатыңыз. Ұстағыш тым алыс орнатылған жағдайда тарту шиыршығы құрылғысы күткендегідей жұмыс істемеуі мүмкін.*

- 6** Қағаздың ортасында ені 10–20 см бөлік қалдырыңыз және қағаздың сол және оң жақ бұрыштарынан биіктігі кемінде 25 см етіп қиыңыз.

Тасушыны қию тасушының оң және сол бұрыштары бүктеліп қалуынан және созылу алдында тоқтап қалуы сияқты мәселелердің алдын алады.



Қағаздың қалай оралатынына қарай келесі қадамдардың бірін қараңыз.


Басып шығарылатын жағы сыртында болған кезде тартуға қатысты ақпарат алу үшін ["Басылған Жақ Бетін Сыртқа қаратып созу"](#) бетте 21 бөлімін қараңыз.

Басып шығарылатын жағы ішінде болған кезде тартуға қатысты ақпарат алу үшін ["Басылған Жақ Бетін Ішке қаратып созу"](#) бетте 22 бөлімін қараңыз.


## Негізгі амалдар

### Басылған Жақ Бетін Сыртқа қаратып созу

- 1** Қағаз таспаны ұзындығы шамамен 70 см етіп қиып, оны дүкенде сатылатын жабысқақ таспаны пайдалана отырып қағаздың ортасына жабыстырыңыз.





- 2** Қағаз таспасын тікелей төмен тартқанда, оны алдыңғы жақтан артқа қарай шиыршық өзегіне ораңыз және оны сатылымда бар жабысқақ таспа көмегімен жабыстырыңыз.




**! Маңызды:**

Қағаз таспасын қабылдағыш шиыршық өзегіне қағаз керілген күйде бекітіңіз. Егер қағаз бос күйінде бекітілсе, онда қағаз қабылдау кезінде жылжып кетуі мүмкін.

- 3** Auto қосқышын  мәніне ауыстырыңыз.




- 4** Кергіні қағаз таспасына аздап тигенше түсіріңіз.




## Негізгі амалдар

### Басылған Жақ Бетін Ішке қаратып созу

- 1** Қағаз таспаны ұзындығы шамамен 70 см етіп қиып, оны дүкенде сатылатын жабысқақ таспаны пайдалана отырып қағаздың ортасына жабыстырыңыз.





- 2** Қағаз таспасын тікелей төмен тартқанда, оны артқы жақтан алдыңғы жаққа қарай шиыршық өзегіне ораңыз және оны сатылымда бар жабысқақ таспа көмегімен жабыстырыңыз.




**! Маңызды:**

Қағаз таспасын қабылдағыш шиыршық өзегіне қағаз керілген күйде бекітіңіз. Егер қағаз бос күйінде бекітілсе, онда қағаз қабылдау кезінде жылжып кетуі мүмкін.

- 3** Auto қосқышын  мәніне ауыстырыңыз.



- 4** Кергіні қағаз таспасына аздап тигенше түсіріңіз.



### Салынған қағаз параметрлері

Қағазды салуды аяқтағаннан кейін, салынған қағаз үшін параметрлер жасау үшін басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.

- 1. Қағаз параметрі нөмірін таңдау**  
Басып шығару параметрлері тіркелген қағаз параметрі нөмірін таңдаңыз.



## Негізгі амалдар


**2. Қиыршық орау параметрлерін таңдау**

Салынған қағаз шиыршығы үшін шиыршық түрін таңдаңыз.


**3. Қағаздың ұзындығын орнату**

Салынған қағаздың ұзындығын орнатыңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер

**1**

Басып шығару параметрлері тіркелген қағаз параметрі нөмірін таңдау үшін ▼/▲ түймелерін пайдаланыңыз және OK түймесін басыңыз.




Жаңа қағаз үшін қағаз параметрлері әлі жасалмаған болса, тағайындалмаған нөмірді таңдаңыз, қағаз салуды аяқтаңыз және Easy Media Setup орындаңыз.

Баспа материалының параметрлерін жасау


🔗 *Пайдаланушы нұсқаулығы* (Онлайн нұсқаулық)

**2**

▼/▲ түймелерін пайдаланып, жүктелген шиыршыққа сәйкес болатын шиыршық түрін таңдаңыз және OK түймесін басыңыз.

**3**

Салынған қағаздың ұзындығын енгізуге болатын экран көрсетіледі. 1,0 және 100,0 м арасындағы ұзындықты таңдау үшін ▼/▲ түймелерін пайдаланыңыз және OK түймесін басыңыз.



Қалған қағаздың көлемі орамда басып шығарылғанда мәнді орнатыңыз.

**OFF** күйін таңдағыңыз келсе, ► түймесін басыңыз. **OFF** күйін таңдағанда қалған көлемі есептелмейді.



## Негізгі амалдар

**Ескертпе:****Remaining Setup** ішінде екі функция іске қосылады — **ON**

Келесі екі функция басып шығару алдында қолжетімді қағаз көлемін шамамен көрсетеді, бұл қағазды ауыстыру уақытын білуді оңайлатады.

- ❑ Қалған қағаздың көлемін көрсету  
Басқару тақтасының дисплейі қалған қағаздың болжалды көлемін қағаз үшін орнатылған ұзындық пен басып шығару кезінде пайдаланылған көлемге негізделіп көрсетеді.
- ❑ Қалған хабарландыру  
Қалған қағаз көлемі көрсетілген деңгейге жеткенде ескерту көрсетіледі.

Принтер аздаған үзілістен кейін басып шығару үшін дайын екенін көрсете отырып, **Ready** деп көрсетеді. Басып шығарылатын деректерді компьютерден жіберіңіз.

## Тарту шиыршығын алып тастау

Қағазды ауыстырғанда төмендегі қадамдарды орындаңыз.

**1. Қалған қағаз көлемін басып шығарыңыз. (Media Remaining параметрі ON күйіне орнатылғанда)**



**2. Қағазды қиыңыз.**




**3. Қағазды алып тастаңыз.**


## Қалған тасымалдағыш көлемін басып шығару

Алып тасталатын қағазда қалған көлемді басып шығару арқылы, бұл мәнді қағаз келесіде салынғанда тексере және қағаз ұзындығын енгізе аласыз. Бұл қалған қағаз көлемін дәл басқару үшін тиімді болып табылады. Қалған көлемін **Remaining Setup** параметрі **OFF** күйіне орнатылғанда басып шығару мүмкін емес.

Келесі тарау қалған тасымалдағыш көлемін басып шығару жолын сипаттайды.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Принтер басып шығаруға дайын екенін растаңыз.
- 2**  түймесін басыңыз, **Media Remaining** параметрін таңдаңыз, сонан соң **OK** түймесін басыңыз.
- 3** **Print Remaining Length** түймесін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 4** Қалған тасымалдағыш көлемін басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.




## Негізгі амалдар


### Тасымалдағышты кесу

#### **Абай болыңыз:**

- ❑ Қыздырғыштар мен қағаз шеті тақтасы ыстық болуы мүмкін, барлық қажетті сақтық шараларын орындаңыз. Қажетті сақтандыруларды қадағаламау күйіп қалуға әкелуі мүмкін.
- ❑ Тасымалдағышты қию кезінде саусақтарыңызды не қолыңызды кескішпен не басқа өткір жүздермен кесіп алмауға мұқият болыңыз.


- 1**  түймесін басыңыз, **Feed To Cut Position** параметрін таңдаңыз, сонан соң **OK** түймесін басыңыз.

Баспаның артқы шеті қию орнына (кескіш науаға) беріледі.




Егер қалған қағаз мөлшерін басып шығарсаңыз, қағаз кесілгеннен кейін осы ақпарат басып шығарылмаған шиыршықта қалатындай етіп тасымалдағышты қайта айналдыру үшін ▲ түймесін басыңыз.

- 2** Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) пайдаланылғанда, кергіні көтеріңіз.



- 3** Кескішті тік ұстап тұрып, кескіштің пышағы кескіш науаның бүйірлік бетіне жақын орналасатындай етіп жылжытыңыз.

Жұмыс тиісті түрде орындалмағанда (мысалы, қол алдыңғы қақпаққа тигенде), алдыңғы қақпақты ашып, кесіңіз.




#### **Маңызды:**

Қағазды қиғанда, келесі баспаға өтуден бұрын, алдыңғы қақпақтың ішінде қағаздың көтерілмегеніне немесе қағаз шеті тақтасынан босап кетпегеніне көз жеткізіңіз.

## Негізгі амалдар

- 4** Auto қосқышын Off мәніне орнатыңыз. Тасымалдағыштың қалай оралғанына байланысты Manual ажыратқышын басқара отырып, тасымалдағышты толықтай кесіп алыңыз.




## Қағазды шығару

### **⚠ Абай болыңыз:**


- ❑ Қағаз салмағы 20 кг-нан артық болса, оны бір адам көтермеуі тиіс. Қағазды салғанда немесе шығарғанда, кемінде екі адамды пайдаланыңыз.
- ❑ Қағазды немесе шиыршық өзектерін жүктеу кезінде немесе қағаз қабылдау шиыршығын алып тастау кезінде нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз. Қағазды, шиыршық өзектерін немесе тарту шиыршықтарын құлату жарақат алуға әкелуі мүмкін.

- 1** Тарту шиыршығы құлап кетпеуі үшін шиыршықты сол жақ шетінен ұстап тұрыңыз.

- 2** Сол жақ шиыршық өзегі ұстағышын бекіту бұрандасын босатып, шиыршық өзегі ұстағышын шиыршықтан алып тастаңыз.




- 3** Шиыршықты шиыршық тірегіне түсіріңіз.




- 4** Тарту шиыршығы құлап кетпеуі үшін шиыршықты оң жақ шетінен ұстап тұрыңыз.

- 5** Оң жақ шиыршық өзегі ұстағышын бекіту бұрандасын босатып, шиыршық өзегі ұстағышын шиыршықтан алып тастаңыз.



## Негізгі амалдар

**6** Шиыршықты шиыршық тірегіне түсіріңіз.



**7** Қағазды артқы қағаз беру құрылғысынан алып тастау үшін, оны салу қадамдарын керісінше ретпен орындаңыз.


Қызмет көрсету

# Қызмет көрсету

## Түрлі техникалық күтім жасау операцияларын орындайтын кезде

### Тазалау орындары және тазалау уақыты

Егер принтерді тазартпай үздіксіз пайдаланылса, саңылаулардың бітелуі немесе сияның ағуы болуы мүмкін.



\* Тек SC-S40600 Series өніміндегі оң жақ басып шығару механизмі.

Орындау уақыты	Тазарту қажет құрамдас бөлік
Күн сайын жұмысты бастаудан бұрын	<p>❶ Білікше қыздырғыш және қағаз шеті тақталары</p> <p>🔗 <a href="#">"Күнделікті тазалау" бетте 32</a></p>
Бір айда кемінде бір рет	<p>❷ Басып шығару механизмінің айналасы</p> <p>❸ Қақпақтар</p> <p>❹ Құю тақтасы (лас кезде)</p> <p>🔗 <a href="#">"Жүйелі түрде тазалау" бетте 33</a></p> <p>Процедураны бейнеде YouTube желісінде тексере аласыз.</p> <p>🔗 <a href="#">"Бейне нұсқаулар" бетте 5</a></p>

## Қызмет көрсету

### **!** Маңызды:

Принтерде дәл құралдар бар. Басып шығару механизмінің саңылауларына қылшықтар немесе шаң жабысса, басып шығару сапасы төмендейді.

Ортаға және пайдаланылатын қағазға байланысты, жүйелі тазалауды жиірек орындаңыз.


### Тазаланатын басқа компоненттер



Компоненттер ластанады деп ойласаңыз, келесі компоненттерді тазалаңыз.

- Алдыңғы қақпақтың ішінде
- Қысым шиыршықтары

Тазалау  Пайдаланушы нұсқаулығы (Онлайн нұсқаулық)

## Тұтынылатын бөлшектердің орындары және ауыстыру уақыты



Орындау уақыты	Ауыстырылатын құрамдас бөлік
Ауыстыру және дайындау хабарламасы экранның басқару панелінде көрсетілген кезде	<p> <b>1</b> Ауа сүзгілері  <b>2</b> Құю тақтасы  <b>3</b> Тазалағыш   <a href="#">“Қосалқы бөлшектерді ауыстыру” бетте 48</a>  <b>4</b> Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы)   <a href="#">“Қолданылған сияны тастау” бетте 46</a> </p>
Басқару тақтасы экранында сия біткенін көрсететін қате пайда болғанда	<p> <b>5</b> Сия картриджі (SC-S80600 Series/SC-S60600 Series/SC-S40600 Series)   <a href="#">“Ауыстыру процедурасы” бетте 41</a>  <b>6</b> Сия беру блогы (SC-S80600L Series/SC-S60600L Series)   <a href="#">“Ауыстыру процедурасы” бетте 44</a> </p>

## Қызмет көрсету

## Басқа қызметтер

Орындау уақыты	Әрекет
SC-S80600 Series/SC-S60600 Series/ SC-S40600 Series өнімін пайдаланғанда <ul style="list-style-type: none"> <li><input type="checkbox"/> Үш апта сайын бір рет</li> <li><input type="checkbox"/> Күнделікті басып шығару жұмысын бастаудың алдында (тек WH/MS)*1</li> </ul>	Сия картриждерін шайқау <a href="#">🔗 "Шайқау" бетте 41</a>
SC-S80600L Series/SC-S60600L Series өнімін пайдаланғанда <ul style="list-style-type: none"> <li><input type="checkbox"/> Сия блогында ЖШД шамы көк түсте жанғанда (әр үш аптада бір рет)</li> <li><input type="checkbox"/> Күнделікті басып шығару жұмысын бастаудың алдында (тек WH/MS)*1</li> </ul>	Сия беру блоктарын шайқау <a href="#">🔗 "Шайқау" бетте 43</a>
<ul style="list-style-type: none"> <li><input type="checkbox"/> Саңылаулар толып қалған қалмағанын тексеру кезінде</li> <li><input type="checkbox"/> Тексеру кезінде қандай түстер толып қалды</li> <li><input type="checkbox"/> Көлденең сызықтар немесе түстің біркелкі болмауы (жолақ) пайда болады</li> </ul>	Бітелген саңылауларды тексеру*2
Бітелген саңылауларды тексеру кезінде бітелген жерлер табылса	Басып шығару механизмін тазалау <a href="#">🔗 "Басып шығару механизмін тазалау" бетте 65</a>
Принтер ұзақ уақыт пайдаланылмайтын (және өшірілетін) кезде	Pre-Storage Maint. <a href="#">🔗 "Ұзақ уақытты сақтау (Алдын ала сақтау қызметі)" бетте 54</a>
Басқару тақтасында майлау туралы хабар көрсетілген кезде	Берілген майды каретка тармағына қолдану*2

\*1 SC-S80600 Series/SC-S80600L Series бөлімінде 10 түсті режим таңдалғанда.

\*2 [🔗 Пайдаланушы нұсқаулығы](#) (Онлайн нұсқаулық) құжатының мәліметтері.

## Қызмет көрсету

## Қажетті нәрселер

Жүйелі тазалауды және тұтынылатын бөлшектерді ауыстыруды бастар алдында келесі нәрселерді дайындаңыз.

Жеткізілген бөлшектердің барлығы пайдаланылғаннан кейін жаңа өнімдерді сатып алыңыз.

Сия картридждерін/сия беру блоктарын ауыстырғанда немесе техникалық қызмет көрсеткенде, осы принтердің арнайы бөлшектерін дайындаңыз.

 [“Қызмет көрсету элементтері туралы ақпарат” бетте 56](#)


Қолғаптарыңыз тозса, сатылымда бар нитрил қолғаптарды дайындаңыз.

**Қорғаныш көзілдірігі (сатылымда бар)**  
Көздеріңізді сиядан және ink cleaner (сия тазалағыш) қорғайды.

**Маска (нарықта бар)**  
Мұрныңыз бен аузыңызды сиядан және ink cleaner (сия тазалағыш) қорғайды.

**Maintenance Kit (Қызмет көрсету жиынтығы) (принтермен бірге беріледі)**  
Толық тазалау үшін.

Келесі элементтер жиынтықта.



- ① Қолғаптар (x12)
- ② Тазалау таяқшалары (x20)
- ③ Бөлме тазалағыштар (x100)
- ④ Қысқыштар (x1)

**Ink cleaner (Сия тазалағыш) (принтермен бірге беріледі)**  
Сия қалдықтарын тазалау кезінде қолдану.

Қолдану әдісі  [“Ink Cleaner \(Сия тазалағыш\) пайдалану” бетте 34](#)

**Металл науа (принтермен бірге беріледі)**



Тазалау құралдарын, алынған бөлшектерді не жылжытылған ink cleaner (сия тазалағыш) принтермен бірге берілген контейнерге қойған кезде пайдаланыңыз.

 **Маңызды:**

*Пайдаланылған тазалағыш таяқша және т.б. тікелей принтерге салынса, бұл ink cleaner (сия тазалағыш) зақымдалуына әкелуі мүмкін.*

## Қызметке байланысты сақтық шаралары

Бөлшектерді тазалағанда және ауыстырғанда келесі нәрселерді ескеріңіз.

## Қызмет көрсету

### **Абай болыңыз:**

- ❑ *Сия картридждерін, Cleaning Cartridge (Тазартатын картридж), ink cleaner (сия тазалағыш), майлау құралын және қолданылған сияны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.*
- ❑ *Қызмет көрсету кезінде қорғаныш көзілдірік, қолғап және маска сияқты қорғаныш киімді киіңіз. Сия, қолданылған сия, ink cleaner (сия тазалағыш) немесе майлау құралы теріңізге тигенде немесе көзіңізге не ауызға кіргенде, келесі әрекеттерді орындаңыз:*
  - ❑ *Егер сұйықтық теріңізге жабысып қалса, көп мөлшерлі сабын сумен жуып тастаңыз. Теріңіз тітіркенсе немесе түсі өзгерсе, дәрігерге қаралыңыз.*
  - ❑ *Егер сұйықтық көзіңізге кірсе, дереу сумен шайыңыз. Осы сақтандыру шарасын орындамасаңыз, көздеріңіз қанталауы немесе кішкене күйіп қалуы мүмкін. Мәселе туындаса, дәрігерге қаралыңыз.*
  - ❑ *Сұйықтық аузыңызға кірсе, дереу дәрігерге қаралыңыз.*
  - ❑ *Егер сұйықтықты жұтып қойсаңыз, құсуға тырыспаңыз, дереу дәрігерге қаралыңыз. Сұйықтықты жұтқан адам оны құсуға тырысса, сұйықтық кеңірдекке өтіп, бұл қауіпті болуы мүмкін.*
- ❑ *Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ауыстырғаннан кейін немесе ink cleaner (сия тазалағыш) пайдаланғаннан кейін қолыңызды мұқият жуып, аузыңызды шайыңыз.*

- ❑ Жалғастыру алдында тасымалдағышты принтерден алып тастаңыз.
- ❑ Белдіктерді, схемалық тақтаны немесе тазалауды қажет етпейтін кез келген бөлшекті ұстамаңыз. Бұл сақтандыруды қадағаламау дұрыс жұмыс істемеуге немесе басып шығару сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

- ❑ Тек қамтылған тазалау таяқшаларын немесе қызмет көрсету жиынтығында қамтылған таяқшаларды ғана қолданыңыз. Басқа талшық шығаратын таяқша түрлері басп шығару механизміне зақым келтіреді.
- ❑ Жаңа тазалау таяқшаларын пайдаланыңыз. Таяқшаларды қайта пайдалану дақтарды кетіруді мүлдем қиындатады.
- ❑ Тазалағыш таяқша ұштарын ұстамаңыз. Қолдағы май басып шығару механизміне зақым келтіруі мүмкін.
- ❑ Басып шығару механизмінің айналасын немесе қақпақтарды тазалау үшін суды немесе спиртті пайдаланбаңыз. Сия сумен немесе спиртпен араласқан кезде қатып қалады.
- ❑ Қандай да бір статикалық электр тогын зарядсыздандыру үшін жұмысты бастар алдында металл нәрсені ұстаңыз.

## Күнделікті тазалау

Білікше қыздырғышқа немесе қағаз шеті тақталарына қылшық, шаң немесе сия жабысса, саңылаулардың бітелуіне немесе сияның тамуына әкелуі мүмкін.

Ең жақсы басып шығару сапасын қамтамасыз ету үшін, күн сайын жұмысты бастау алдында тазалауды ұсынамыз.

### **Абай болыңыз:**

- ❑ *Қыздырғыштар мен қағаз шеті тақтасы ыстық болуы мүмкін, барлық қажетті сақтық шараларын орындаңыз. Қажетті сақтандыруларды қадағаламау күйіп қалуға әкелуі мүмкін.*
- ❑ *Алдыңғы жабынды ашу не жабу кезінде қолыңызды қысып алмаңыз. Бұл сақтық шарасын орындамау жарақат алуға әкелуі мүмкін.*



## Қызмет көрсету

### **!** **Маңызды:**

Принтердің ішкі бөлігін тазалау үшін *ink cleaner* (сия тазалағыш) пайдаланбаңыз. Әйтпесе, принтердің ішіндегі бөлшектер зақымдалуы мүмкін.


- 1 Принтерді өшіріңіз, экран дисплейі жоғалғанша күтіңіз, сонан соң қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз.  
Екі қуат кабелін де ажыратыңыз.  
Егер қосымша басып шығаруды кептіру жүйесі орнатылған болса, қосымша басып шығаруды кептіру жүйесіне арналған қуат кабелін де ажыратыңыз.

- 2 Қуат кабельдерін ажыратқаннан кейін шамамен бір минут күтіңіз.

- 3 Алдыңғы қақпақты ашыңыз.

- 4 Жұмсақ матаны сулаңыз, мұқият сығыңыз және білікше қыздырғышқа жабысқан сияны, қылшықты немесе шаңды сүртіп алыңыз.

Білікшенің ойықтарында жиналған қылшықтарды немесе шаңды сүртіп алыңыз.



- 5 Жұмсақ матаны сулаңыз, мұқият сығыңыз және қағаз шеті тақталарына жабысқан қылшықты немесе шаңды сүртіп алыңыз.

### **!** **Маңызды:**


*Желімі бар қағазды пайдалансаңыз, матаны сұйылтылған тазалау құралына батырыңыз, мұқият сығыңыз, сонан соң аумақтарды сүртіңіз. Артқы жағына желім жабысқанда басып шығаруды жалғастырсаңыз, ол басып шығару механизміне үйкелуі мүмкін.*

### **Желімі бар қағазды пайдаланғанда және сия жабысқанда**

Қағаз шеті тақталарын принтерден шығарыңыз және тақталардың алдыңғы және артқы жақтарын тазалаңыз.

Тазалап болғаннан кейін, тақталарды орындарына қайта орнатыңыз.

Қағаз шеті тақталарын шығару және орнату [↗ Пайдаланушы нұсқаулығы](#) (Онлайн нұсқаулық)



## Жүйелі түрде тазалау

Басқару тақтасында келесі хабар көрсетілгенде, мүмкіндігінше жылдам тазалаңыз.

**Press  and perform Head Maintenance.**

Бөлшектерді келесі тәртіппен тазалаңыз.

**Басып шығару механизмін жылжыту**



## Қызмет көрсету

**Басып шығару механизмінің айналасын тазалау**



**Қақпақтардың айналасын тазалау**


## Ink Cleaner (Сия тазалағыш) пайдалану

Нұсқаулықта көрсетілген бөлшектерді тазалау үшін тек ink cleaner (сия тазалағыш) пайдаланыңыз. Ink cleaner (сия тазалағыш) принтердің басқа бөлшектеріне пайдалану өнімді зақымдауы мүмкін.

Осы процедураны бастамас бұрын келесіні оқыңыз:


"Қызметке байланысты сақтық шаралары" бетте 31

- 1** Ink cleaner (сия тазалағыш) бірге берілген ыдысты металл науаға қойып, шамамен 10 мл ink cleaner (сия тазалағыш) құралын ыдысқа құйыңыз.



- 2** Тазалағыш таяқшаны ink cleaner (сия тазалағыш) малыңыз.

Ink cleaner (сия тазалағыш) құралының тазалағыш таяқшадан тамуына жол бермеңіз.



Бөлмені тазалау кезінде ink cleaner (сия тазалағыш) бірге ылғалдандыру кезінде ыдысқа құйылған ink cleaner (сия тазалағыш) қолданыңыз.

### **Маңызды:**

- Ink cleaner (сия тазалағыш) қайта қолданбаңыз. Лас ink cleaner (сия тазалағыш) қолдану жұмысты нашарлатады.
- Қолданылған ink cleaner (сия тазалағыш), тазалағыш таяқша және бөлмені тазалау құралдары өндірістік қалдықтар болып табылады. Оларды қолданылған сиямен бірге лақтырыңыз. "Қолданылған шығындарды жою" бетте 51
- Ink cleaner (сия тазалағыш) құралын тікелей күн көзі түспейтін бөлме температурасында сақтаңыз.
- Ink cleaner (сия тазалағыш) пайдаланылғаннан кейін алдымен ішкі қақпа, содан кейін сыртқы қақпа жабылғанына көз жеткізіңіз. Осы қақпаларды қауіпсіз жаппау ink cleaner (сия тазалағыш) ағып кетуіне не булануына әкелуі мүмкін.

## Басып шығару механизмін жылжыту


Бұл бөлімде басып шығару механизмін тазалау күйіне жылжыту әдісі сипатталады.


### **Маңызды:**

Басып шығару механизмін орналастыру кезінде төмендегі қадамдарды орындаңыз. Басып шығару механизмін жылжыту дұрыс жұмыс істеуге әкелуі мүмкін.

## Қызмет көрсету


Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Принтер қосулы екенін тексеріп,  түймесін басыңыз.  
Maintenance мәзірі көрсетіледі.
- 2 ▼/▲ түймелерін **Head Maintenance** опциясын таңдау үшін пайдаланыңыз және OK түймесін басыңыз.
- 3 ▼/▲ түймелерін пайдаланып **Regular Cleaning** опциясын таңдаңыз, сонан соң OK түймесін басыңыз.  
Принтер механизмі тазалау позициясына жылжытылады.

**Ескертпе:**

Басып шығару механизмі жылжытылғаннан кейін (әдепкі бойынша) дабыл 10 минут ойнайды. Тазалау процесін жалғастыру үшін, OK түймесін басыңыз. 10 минут өткеннен кейін дабыл қайта ойнайды.



## Басып шығару механизмінің айналасын тазалау


Егер сіз принтер механизмінің айналасын тексеру кезінде қандай да бір сия қоюлануын, қыл немесе шаңды байқасаңыз, аймақты төменде көрсетілген нұсқауларға сүйене сүртіңіз.


SC-S80600 Series/SC-S80600L Series/SC-S60600 Series/SC-S60600L Series өнімінде екі басып шығару механизмі бар. Екі басып шығару механизмінің де айналасын тазалаңыз.

Осы процедураны бастамас бұрын келесіні оқыңыз:

 [“Қызметке байланысты сақтық шаралары” бетте 31](#)

- 1 Басып шығару механизмі принтердің сол жағына жылжытылғаннан кейін сол жақ қызмет көрсету қақпағын ашыңыз.




- 2 Тазалағыш таяқшаны ink cleaner (сия тазалағыш) малыңыз.  
Жаңа тазалағыш таяқшаны және ink cleaner (сия тазалағыш) пайдаланыңыз.  
 [“Ink Cleaner \(Сия тазалағыш\) пайдалану” бетте 34](#)


### Маңызды:

- Әр қадамда ink cleaner (сия тазалағыш) пайдаланып, шайыңыз.
- Жағылған сия қоюлануын тазалағыш таяқпен алып тастағаннан кейін бөлмені тазалау құралын пайдаланып шайыңыз.

## Қызмет көрсету


- 3** Жабысқан сияны, шаң мен қылшықты төмендегі көрсеткілермен көрсетілген бөлшектерден сүртіп алыңыз.




- 4** Жабысқан сияны, шаң мен қылшықты төмендегі  көмегімен көрсетілген бөлшектерден сүртіп алыңыз.

Тек SC-S40600 Series өніміндегі оң жақ басып шығару механизмі.



- 5** Жабысқан сияны, шаң мен қылшықты төмендегі  көмегімен көрсетілген бөлшектерден сүртіп алыңыз.



- 6** Қалған қызмет қақпасын жабыңыз.


## Қақпақтардың айналасын тазалау

Осы процедураны бастамас бұрын келесіні оқыңыз:


 "Қызметке байланысты сақтық шаралары" бетте 31

### Қақпақтарды тазалау

- 1** Оң жақтағы техникалық қызмет көрсету қақпағын ашыңыз.



- 2** Тазалағыш таяқшаны ink cleaner (сия тазалағыш) малыңыз.

 "Ink Cleaner (Сия тазалағыш) пайдалану" бетте 34




- 3** Тазалау таяқшасын тегіс жерде сақтап, қақпақ бұрыштарын тазалаңыз.

SC-S80600 Series/SC-S80600L Series/SC-S60600 Series/SC-S60600L Series өнімінде қақпақтардың екі тығыны бар. Барлық қақпақтарды тазалаңыз.

## Қызмет көрсету


### **!** **Маңызды:**

*Бұрыштарды және қақпақ айналасын тазалағыш таяқшамен қатты баспаңыз немесе қақпақтың ішкі жағына тазалағыш таяқшаны не қысқышты тигізбеніз. Бөлік зақымдалып және енді қақпақты дұрыс орындау мүмкін болмайды.*



**4**


Тазалау таяқшасын перпендикуляр ұстап, қақпақтардың сыртқы аймақтарын тазалаңыз.



### **Қақпақтарды тазалағанда ескеру қажет жайттар**

Қақпақтарды тазалағанда келесілерді тексеріңіз.

- Қақпақтың алдыңғы және артқы жағында бағыттауыш бөлімге сия жабысқан ба?



- Бағыттауыш бөлімге сия қабаты жабысқан ба?
- Қақпақтың ішіне қылшықтар жабысқан ба?
- Құю тақтасына қылшықтар жабысқан ба?

Олар тазалауды қажет етпесе, процедура аяқталды.


 ["Тазалауды аяқтау" бетте 39](#)

Олар тазалауды қажет етсе, келесі бөлімдерді қараңыз және қажетті тазалауды орындаңыз.

## Қызмет көрсету

**Бағыттауыш бөлімге сия жабысқан кезде**

- 1** Тазалағыш таяқшаны ink cleaner (сия тазалағыш) малыңыз.  
👉 [“Ink Cleaner \(Сия тазалағыш\) пайдалану” бетте 34](#)
- 2** Бағыттауыш бөлімге ink cleaner (сия тазалағыш) қолданып, содан кейін сүртіңіз.




Егер басқа бөлшектерді тазалау қажет болмаса, келесі бөлімге өтіңіз.

